

1 2006  
300418

# ФАЛЫМ АХМЕДОВ

*Паңдамалы*

II



«Жібек жолы» кітапханасы



*Ғалым Ахмедов*

**ТАҢДАМАЛЫ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ**

ЕКІНШІ ТОМ

Естеліктер мен тарихи деректер

АЛМАТЫ  
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”  
2005

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі  
Акпарат және мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Ахмедов Ф.**

А 94 Таңдамалы шығармалар жинағы. Екінші том. Естеліктер мен тарихи деректер. — Алматы: "Жібек жолы" баспа үйі, 2005. — 280 бет.

ISBN 9965-637-92-X

Белгілі жазушы, аудармашы Фалым Ахмедовтың таңдамалы шығармалар жинағының 2-томы тарихи деректер мен естеліктерді қамтиды. Мұнда "Алаш" партиясы мен "Алашорда" үкіметінің құрылуы, автономиялы ұлт республикалары құрылған кездегі ұлт мәселеісі, елді жаппай зорлап колхоздастыру, соның салдарынан шаруашылықтың құйзелуі, аштық, халықтың отырған жерінен босып, қырылуы, отызыншы жылдардағы жаппай репрессия жөнінде қарт қаламгердің көрген-білгендері әңгімеленеді. Жинаққа енген көпшілікке белгісіз тарихи аңыз-әңгімелер, сондай-ак өртеде білім алған қазақ жастары, Ресей Мемлекеттік Думасындағы қазақ депутаттары туралы мағлұмттар, белгілі адамдар жайындағы естеліктер тәлімді, қызықты мәліметтерге қанықтырады. Жинақтың тарихи-танымдық маңызы бүтінгі жас үрпак үшін орасан зор деп білеміз.

ББК 84. Қаз. 7-44

А 4702250201 хабарланбаған – 2005  
430 (05) – 05

ISBN 9965-637-92-X (2-т.)

ISBN 9965-637-91-1

© «Жібек жолы» баспа үйі, 2005

## I БӨЛІМ

### ҰЛТТЫҚ ҰЛЫ БҮЛҚЫНЫС

Аяусыз жаным, мен бір құрбан лағын,  
Болса алуға, қаным себеп, мұрадың.  
Болайын сүйінші, жұлдызы жанып бақыттың,  
Сен көркейді деп есітсе құлағым!

Міржақып

Алаш – арғы ата-бабаларымыздан келе жатқан көне сөз екені көпшілікке белгілі. Қарттардан естуімізше, “алты алашқа”: қазак, қыргыз, өзбек, түрікпен, башқұрт, қарақалпақ халықтары кіреді. Шынында да, осы халықтардың бұрынғы көшпелі өмірі, тілі, салт-санасы, ғұрып-ғадеттері бірынғай.

Қазакта елге қамқор болған қадірменді адамдарын “алаштың азаматы” деуші еді, ешкімді де жат көрмейтін халқымыз танымаған адамын да “алаштың азаматының бетендігі жок” деп құрметтеп қарсы алып келген. Қай кезде де осы сөз ел аузында жақсы ниетте айттылған. Ал енді бері келе осы сөзден безіп кеттік. Оған кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында, әлі ақ пен қараны айырып біле қоймаған кезімізде “Алаш” тобының құрылуы себеп болды. Бұл қауым кейін ел көзіне “құбыжық” көрініп, “алаш” деген сөзден ат-тонымызды ала қашатын болдық.

Қазір енді әлеуметтік әділет орнап, әркім ойындағысын ашық айтып ойласуға, ақылдасуға мүмкіншілік туып отырғанда, кейір мәселелерді қайта ойласып шешуіміз керек. Солардың бірі – “Алаш” мәселесі. Біз талайдан бері аластап, елді одан шошытып келген осы “Алаш”, шынында да, халқымыздың жат болып жауыздық істеді ме екен? Қанша жерді билеп, қанша өмір сүрген? Қанша күш-куаты болып, кімді қорғап, кімдерге зәбір берді екен?

Коммунистер партиясы мен кеңес өкіметі капиталистік

мемлекеттердің қоластындағы отар елдердің ұлт-азаттық қозғалысын күні кешеге дейін әдейі қоздырып, қолдан келді, оларды осы күрестері үстінде анау бай, мынау кедей деп бөлген жок, өйткені қай жерде де ұлт азаттығы қозғалысына бүкіл халық тұтас қатысады. Өздері мұқты империалистік жаумен алдырып жатқанда, іштерінен жік ашылып екі жақ болса, ондай күрестен қандай нәтиже шықпа?

Бұрынғы Россия империализмін басқа, мысалы, Англия империализмінен бөлектел, ағылшын империализмі “жаман”, Россиянікі “жақсы” деп алалап қарауға болмайды, қайта, соңғысы көріне дәрекі болды. Ал біз Россияға бағынғанымызға қуанып, шет ел империалистерін жамандаумен болдық. Осы екі мемлекет (Россия мен Англия) дәүірлеп тұрған кездерінде “Антанта” одағында ауыз жаласып жүргендерімен де, іштей бәсекелес еді. Россия ту сонау бірінші Петр патша кезінен-ак, берідегілері кең-байтак казақ жерін, Орта Азияны өзіне қаратып алғанын қанағат тұттай, ағылшындар алып кеткен Үндістанға құзғынша сұғанақтанға қарап, сол елді, оны ғана емес, онын арғы жақ, бергі жағындағы басқа елдерді де өзіне қаратып алуды көзделгені көпшілікке мәлім жағдай. Петр патша кезінде Петербург Европаға қарай ашылған “терезе” болса, казақ жері шетіндегі Орынбор Азияға қарай ашылған кең дарбаза болды. Орта Азияны жаулап алған орыс әскері осы Орынбор арқылы өтті. Казақ жеріне ең алдымен патшаның отарышыл әкімдері, елге бүйідей тиген әскері, елдің ен байлығына қомағайланған ауыз салған сауда капиталының өкілдері келді, казақ жерінен Россияға ауысқан байлыққа санжетпейді, кеніміздің, шикізаттарымыздың қызығын солар көрді. Патша өкіметі қоластындағы “бұратана” елдердің надандықта, отар етіп қана ұстауды көзdedі, оларды шоқындырып, орысқа сініріп жіберу саясатын ұстады. 1905 жылғы революциядан кейін Россия халықтарына “шолак” бостандық уәде етіп, Мемлекет Думасы құрылғанда алғашқы екі Думаға бұратана халықтардан да депутаттар сайланған еді, кейін бұл халықтар, солардың ішінде қазактар да, әлі мемлекет ісіне араласуға жетілмеген деп көріне кемсітіліп, Думаның маңына жолатпай қойған.

Осындағы жағдайда сол кездерде аз да болса оқыған, көзі ашық азаматтары бар қазақ халықы, ұлт азаттығы демей-ақ қояйын, ел правосы үшін күресті ме, жоқ па? Егер тырп етпей отырған болса, онда, неміс нацистерінің айтатыныңдай, құл болу үшін

жаралған халық болып шықпаймыз ба? Жоқ, олай емес, қылышынан қан тамған патша заманында да елімізді отарлағанына, жерімізді тартып алғанына, өзімізді кемсітіп ұстағанына қарсылық білдірген, сол үшін патшаның түрмесінде азап шеккен, жер аударылған азаматтарымыз болған. Ұлтымыздың белгілі қамқорлары Әлихан, Ахмет, Міржақыптардан басқа да, мысалы, Қазан университетінің медицина факультетін бітірген Фалиахмет Арынғазиев, Воронежде оқып жүргендеге ұсталып айдалған Сахыпкерей Арғыншиев, елге үндеу таратқаны үшін айдалған Сүйінішқали Айшуақов (Орал облысынан) және басқа да патшаның құғынында болған адамдар бар. Бірақ бұлардың бастарын біріктірген партия жоқ еді, әрқайсысы өз беттерінше әрекет жасап жүрді. Сондай ауыр жағдайда қазактың жоғын жоқтап патша өкіметіне қарсы бас көтерген қазак азаматтарының іс-әрекеттерін ұлт азаттығы үшін құрес деп қарамағанда, не дейміз? Кейбіреулер олар халықты (массаны) соңына ерте алмады дер. Басым көпшілігі сауатсыз, қараңғыда бүйірып жатқан ел бұларға бірден қайдан ере қойсын? Соның үшін де Ахан ұйықтап жатқан елді оятар ма екен деп ызындағып “Масасын” ұшырды. Міржақып “Оян, қазақ!” деп ұран салды, Сұлтанмахмұт Торайғыров “қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға” тырысты. Әлихан Бекейханов орыс газеттеріне қазақ жерін қалай болса со лай тартып алғып жатқан, қазактарды шоқындыруды көздеғен патша саясатына қарсы мақалалар жазды. Басында үш мың данамен ғана шыққан “Қазақ” газетінің өзі патша ұлықтарының қатты бақылауында болды, редакторы Ахмет талай қамалып, мыңдаған сом айып төлелеп тұрды, полиция редакцияны, қызметкерлерінің үйлерін тінтіп қарап жүрді. Әлихан өз елінде жұмыс істеуге мүмкіншілік болмағандықтан Самараға барып, онда да полицияның бақылауында болды. Ол I Думаға сайланғанда Семей түрмесінде отырган-дықтан Петербургке патша I Думаны қуған күні ғана жетеді, сонсөн біртоп депутаттармен бірге Выборг қаласына барып, белгілі Выборг үндеуіне қол қояды, сол үшін үкімет оны тағы да түрмеге қамайды. Патша өкіметі думаға қазақтан депутат сайлатпай қойғаннан кейін Әлихан патша үкіметінің қазақтың шұрайлы жерлерін алып, өздерін қуанышылық жерлерге ығыстырумен қатар, қазақ халқын шоқындыруға бет алған саясатына қарсы 1914 жылы “Речь” газетінің 23 қаңтар (5 ақпан) күнгі 22/2691 санында Мемлекет Думасы депутаттарына ашық хат жазды.

Екінші Николай патшаның 1917 жылы ақпан айында тақтан құлауы, үш жұз жылдан бері жер жүзі құрлышының алтыдан бір бөлігін алып жатқан Ру西亚ның алып империясын дара билеп келген (самодержец) Романовтар әулетінің мұндай халге ұшырауы қалың көшілігі қараңғылықта жаткан халықтарға, соның ішінде орыс халқының өзіне де, жалтыр көkte жарқ ете қалған наизағайдай әсер етті. Алғашқы реcми хабарлар патша “өз еркімен” тақтан түсті деп жариялады, бірақ көп ұзамай-ақ оның шын себебі халыққа мәлім болды. Патшаның құлағанына қуанбаған ел жоқ, енді тенденция, бостандыққа қолымыз жетті деп бұрын езіліп келген халық мәз болды. Бірақ олай болмай шықты. Германияның “Темір канцлер” деп аталған мемлекет басшысы О. Бисмарк деген кісі: “Революцияны данышпандар даярлайды, фанатиктер орындаиды, қызығын азғындар көреді” деген екен, халықтардың зор үміт күткен революциясының нәтижесі сол Бисмарк айтқандай болып шықты, бұл енді өз алдына мәселе, оны қоя тұрайық.

Оналтыншы жылдың уақиғасынан кейін патшаның жазалаушы әсерінің соққысынан есендіреп қалған, 19 бен 31 жас арасындағы азаматтары майданға жіберілген (олардың біразы ірі капиталистердің өндіріс орындарында жұмыс істеді) қазак елі майдан хабарына құлақ тігіп, орыс әскерінің қансырай жеңіліп, ылғи шегініп келе жатқанынан шошынып, жігіттеріміздің жайы қалай болады деп елеңдеп отырғанда “патша тақтан құлады” деген хабар жеткеннен кейін бұл жағдайды қалай түсіну керек екенін біле алмай аң-таң болды. Қазақтың бас көтерген азаматтарының өздері де бірден жөн таба алмай алақтап қалды. Дегенмен әрекет жасап олар 1917 жылы бірінші көкекте Орынборда тұнғыш қазак съезін шақырды. Оған Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан, Бекей ордасынан келген адамдар, Қазаннан, Уфадан, Орынбордан қонақтар, ұзын-ырғасы үш жүздей адам қатынасқан, олар, “Қазак” газетінің айтуынша, ылғи, “Ығай мен сығайлар” болған.

Онда қаралған мәселелер: 1. Жаңа тәртіп жайы: а) жаңа тәртіпті ынғайту; ә) комитеттер жасау; б) қалай жасау жобасын шығарып, сайлау басына кісі жіберу. 2. Съезддер: а) жалпы қазак съезі; ә) барша мұсылмандар съезіне уәкілдер жіберу. 3. Учредительное собрание (Құрылтай). Торғай облысынан делегаттар

белгілеу. 4. Дін һәм оқу мәселелері. 5. Жер мәселесі. 6. Сот: коронный һәм народный. 7. Земство. 8. Баспасөздер. 9. Почтаны жәндеу. 10. Ақша мәселесі. 11. Зиянды мәхкамаларды һәм чиновниктерді қалдыру (орындарынан түсіру. — F.A.). 12. Соғыс һәм жұмысшылар. 13. Бұліншілік жөніндегі мәселелер.

Съезді Қазан мұсылмандарынан юрист Н. Хәлфин, Уфадан Габдірақман Фәхретдинов, Орынбор мұсылмандарынан Ғәбділғазиз Хұсейінов, Теміршах Соловьев, Ақтөбеден имам Ғұмар Ғабділбәниев, Ахмет Байтұрсынов, "Уақыт" газетінің редакторы Фатих Кәримов құттықтаған. Съезді құттықтауға келген губернаторды халық қуып шығарған. Баяндама жасаған М. Дулатов халыққа зиянын тигізген Ғабдрахман Мәшиев пен губернатордың тілмашы Мұхаммедияр Тұңғашинді съезден кууға ұсыныс енгізген екен, Мәшиев "съезде болмаған, ал Тұңғашинді съезд қуып жиберген" (Газетте: "Бостандық туралы баяндаманы халыққа қасқып қарап тұрып М. Дулатов жасады" деп жазған. Бұл сол кездерде редакцияда қызмет істеп жүрген Жанұзақ Жәнібеков деген жас жігіттің албырттана қуанып жазғаны болса керек. — F.A.).

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға бес комиссия сайланған. Жалпы қазақ съезін шақыратын бюро (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Сейтәзім Қәдірбаев, Ғұмар Есенғұлов, И. Әлімбеков, Есен Тұрмұхаммедов, К. Нурымов), Москвада 1 мамырда болатын мұсылмандар съезіне делегаттар (Ораз Тәтиұлы, С. Кәдірбаев, Аққағаз Досжанова, Сұлтанғазы Үсхақұлы) сайланған. Русия мемлекеті "демократическая, парламентарная, децентралистическая республика" (газетте осылай жазылған, сол күйінше келтіріп отырмын. — F.A.) болын, крестьянский начальниктер мәхкамалары жойылын, Торғай облысында халыққа зиянды чиновниктер (аттары аталған) орындарынан түссін, сотқа берілсін һәм бірсыптыралары абақтыға жабылсын деген.

Бұл съезд шынында да жағдай қын, уақыт тығыз болғандықтан қазақ елі түгел қатынаса алмаған, қаралған мәселелері де шала-шарпылау шешілген съезд болғаны байқалады. "Съезге қатынасқандардың ішінде Орал облысынан — I Дума депутаты Алпысбай Қалменов, дәрігер Ғұмар Есенғұлов, студент Кәрім Жәленов; Торғай облысынан — I және II Дума депутаты Ахмед Бірімжанов, студент ТелЖаманмұрынов; Троицкіден — Жансұлтан Сейдалин, Жанша Сейдалин, студент Әбубәкір Иманбаев;

Бекейден — адвокат Уәлидхан Танаев, студент Шәфқат Бекмұхаммедов; Семейден — юрист Мұқыш Поштаев; Сырдариядан — студент Мұстафа Шоқаев, Жүсіпбек Басығарин (осы кісінің газеттерде жазған өлеңдері де бар. — F.A.); Ақмоладан — Мағжан Жұмабаев болған.

Съезд материалдары басылған “Қазак” газетінің осы 1917 жылғы 12 көкек күнгі санында Фалихан Бекейханов, Мұстафа Шоқаев, Міржақып Дулатов “Алаш ұлына” деген үндеу жазып, онда: “...еккенде жоқ, сепкенде жоқ қазақ халқы бостандыққа ортак болып отырмыз. Бізге осындай тендік әперіп отырған орыс халқының ақ жүрек адалниетті қөсемдері, орыс халқының жұмысшылары һәм ғәскері... Біз қазаққа “көн, карсы келме” (он алтыншы жылғы уақиғаға байланысты. — F.A.) дегендегенде рахымсыз хұкумет жай-күйіне қарамай қырып-жойып жүрттың берекесін кетіретінін біліп амалсыздан көн деуші едік” дей келе, қазіргі жағдайда Ұақытша үкіметтің қолдауға үндейді. Ол кездерде жүрттың бәрі де Ұақытша үкіметтің көпшілігі либерал басшыларынан, алда болатын Учредительное собраниеден көп үміт күткен болатын.

Ал енді жалпы қазақ съезі 1 тамызда шақырылмақшы екен, бірақ Петроградтағы “Шура-и-ислам” үйімінің председателі Ахмедбек Салиховтан және Петроградта уәкіл болып жүрген Уәлидхан Танаев, Жанша Досмұхаммедов, Жақып Ақбаевтардан: Учредительное собрание 17 қыркүйекте болады, депутаттардың тізімін бір ай бұрын 17 тамыздан қалдырмай тапсыру керек, сондықтан жалпы қазақ съезін 20 шілдеден кейінге қалдыру мүмкін емес, деген телеграмма келген соң тағы да ұақыт тығыз болғандықтан әр облыста сайланып қойылған комитет мүшелерінен екі адамнан шақырылып, бас-аяғы жиырма шақты ғана адам жиналған. “Қазак” газеті “басқа амалы қалмаған” деп жазады. Өз қаржыларымен біресе облыстарға, біресе орталыққа — Петроградқа шапқылап жүрген аз топ қазақ басшылары бұдан артық не істесін?

1917 жылы 21–28 шілдеде Орынборда өткен бұл съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бекей ордасынан уәкілдер келген. Съезд председателі болып Халил Досмұхаммедов, серіктеріне Ахмет Байтұрсынов пен Әлмұхаммед Көтібаров сайланған. Қаралған мәселелер: 1. Мемлекет билеу туралы. 2. Қазақ облыстарына автономия. 3. Жер мәселесі. 4. Халық милициясы. 5. Земство.

6. Оқу мәселесі. 7. Сот мәселесі. 8. Дін мәселесі. 9. Әйел мәселесі. 10. Учредительное собрание сайлауына дайындалу һәм қазақ облыстарынан депутаттар. 11. Бүкіл Ресия мұсылмандарының кеңесі (Шура-и-ислам). 12. Қазақ саяси партиясы. 13. Жетісу облысының уақиғасы. 14. Киев шаһарында болатын бүкіл Ресия федералистерінің съезіне һәм Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтан үәкіл жіберу.

Съезд қаулысында: Ресия “демократическая, парламентарная республика болсын, қазақ облыстары қоныс үлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс, қазақ халқы өзінің еншілі жеріне орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін, осы күнгі дайымы ғәскер орнына халық милициясы құрылсын” деп, аяғында учредительное собраниеге әр облыстан мына кісілер делегат болып ұсынылған: Ақмоладан – 1. Айдархан Тұрлыбаев, 2. Асылбек Сейітов, 3. Ережеп Итбаев, 4. Сейілбек Жанайдаров, 5. Жұмағали Тілеулин, 6. Раҳымжан Дүйсенбаев, 7. Мағжан Жұмабаев, 8. Сұлтан Мұхаммед Абылаев, 9. Сыдық Мешітбаев, 10. Салмақбай Құсемісов, 11. Хайретдин Болғанбаев, 12. Садуақас Сейфуллин; Семейден: 1. Г. Н. Потанин, 2. Фалихан Бекейханов, 3. Фалімхан Ермеков, 4. Халил Габбасов, 5. Мұқыш Поштаев, 6. Жақып Ақбаев, 7. Биахмет Сәрсенов, 8. Ахметжан Қозыбағаров; Торғай облысынан: 1. Ахмет Байтұрсынов, 2. Міржакып Дулатов, 3. Ахмет Бірімжанов, 4. Есенғали Тұрмұхаммедин, 5. Елжан Оразов, 6. Тел Жаманмұрынов, 7. Сейітәзім Қадірбаев; Оралдан: 1. Халил Досмұхаммедов, 2. Жанша Досмұхаммедов, 3. Нұрғали Ипмағамбетов, 4. Сәлімгерей Қаратілеуов, 5. Гобайдолла Әлібеков, 6. Гобайдолла Бердиев, 7. Ғұмар Есенғұлов; Жетісудан: 1. Мұхаммеджан Тынышбаев, 2. Ибраһим Жайнақов, 3. Габділкәрім Сидиқов, 4. Отыншы Әлжанов, 5. Базарбай Мәменов, 6. Мырзахан Төлебаев, 7. Тұбек Есенғұлов, 8. Садық Аманжолов, 9. Дүр Сауранбаев, 10. Сәттарқұл Жанқарашов, 11. Сүлеймен Келгенбаев; Сырдариядан: 1. Мұстафа Шоқаев, 2. Санжар Әсфандияров, 3. Газымхан Кенесарин, 4. Садық Өтегенов, 5. Әлмұхаммед Көтібаров, 6. Хұсайын Ибраһимов, 7. Зұлқарнайын Сейдалин, 8. Ибраһим Тасимов, 9. Пашабек Болатханов, 10. Сегізбай Айзунов, 11. Иемберген Тәттібаев, 12. Сұлтанбек Ходжанов, 13. Гобайдолла Хожаев, 14. Ғұмар Жанғалиев; Ферганадан: 1. Қоңырқожа Хожықов, 2. Габдірахман Оразаев, 3. Жәмшишт Қазбеков, 4. Ерғұлай Ағ-

ев, 5. Серікбай Ақаев, 6. Вадим Чайкин, 7. Ташболатбек Нарботабеков, 8. Фалімхан төре, 9. Нәзір Төрекұлов, 10. Шаһмардан Қапсаламов; Әмудариядан: 1. Мұстафа Шоқаев, 2. Ғабдірәсул Мәмбейев, 3. Файса Қашқынбаев; Бекейден: 1. Бақтыгегерей Құлманов, 2. Үәлидхан Танашев, 3. Батырхайыр Ниязов (Бұл жерде кейбір адамдардың кім екенін білгенімше айтып еткен жөн болар. Биахмет Сәрсенов семинария бітірген, Шығыс Алашордада министр болған. Есенғали (Есен) Тұрмұхаммедов Ақтөбе уезіндеге болыс болған, екі кластық училищені бітірген, бірақ сауатты, іскер, шешен адам еді, Ұақытша үкіметтің комиссары Әлиханға көмекші болып қызмет істеген. Тел Жаманмұрынов инженер, Үргыз ауданынан, кеңес өкіметі тұсында республикалық жоспарлау комитетінде қызмет істеді. Гобайдолла Әлібеков Оралдан, Әлиасқар Әлібековтың ағасы, семинария бітірген, ертерек қайтыс болған. Гобайдолла Бердиев Атыраудан. Қазандағы мал дәрігерлері институтын 1906 жылы бітірген. Ибраһим Жайнақов Алматыдан, осында гимназия бітірген, губернатордың тілмашы болған, кейін Қытайға қашып кеткен. Отыншы Әлжанов — туған жері Зайсан маңы, Омбыда учительская семинария бітіріп, бала оқытқан. Патша өкіметіне қарсы үгіт жүргізгені үшін түрмеге қамалып, кейін бес жылға Жетісуға жер аударылған, 1918 жылы сол Лепсі маңында қайтыс болған. Тұбек Есенғұлов Қазанда мал дәрігерлері институтын бітірген. Садық Аманжолов — Алматыдан. Қазан университетінің зан факультетін 1910 жылы бітірген. Садық Өтегенов — Сырдариядан, учитель. Сегізбай Айзунов — Сырдариядан, семинария бітірген учитель. Қоңырқожа Хожықов — Сырдариядан, белгілі суретші, режиссер Құлахмет пен Сұлтанахметтердің әкесі, учитель. Вадим Чайкин — Ташкенттен, Мұстафа Шоқаевтың жақсы жолдасы. Ғабдірәсіл Мәмбейев семинария бітірген, кейін Қазақстанда Зан халық комиссары болған).

Съезд қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды "Шура-и-исламға" сайланған қазақ үәкілдеріне тапсырған. Партияның негізі "демократическая, федеративная парламентарная республикаға құрылмақ (қазақ сөзі жетпегендіктен съезд біраз терминдерді орысша алған. — F.A.). Жобаны кейін Құрылтайға жиналған қазақ депутаттары қарап, бекітеді", деген.

Сонымен, бұл съездің бітіргені шамалы, өзі съезд де емес, жай

бір мәслихат сияқты, Құрылтайға ұсынылғандардың біразы, сірә сырттан аталған ба деймін. Партия әлі құрылмаған, құру керек деп жобасын жасауға на тапсырылған. Дегенмен сол кездегі азаттардың бүл енбегіне дұрыс баға берे білуіміз керек.

Осының артынан 20 тамызда Ақтөбеде өткен Торғай облысы съезінің қаулысы бойынша жасалуға тиісті партия программасының әлі жасалмағаны айтылады, партияның аты “Алаш” болып дейді.

Сібір халқы да съезд шақырып, онда өз алдына автономия мәселесі қойылған екен, олар қазақтарға бірігіп автономия болайық дейді. Орынборда 10—16 қыркүекте өткен қазақтар мен орыстардың съезінде сібірліктердің съезіне F. Бекейханов, Есен Тұрмұхаммедов, орыстардан Гаврилов пен Колонтаевский деген гат болып сайланған. “Қазак” газетінің 1917 жылы 14 қарашадағы санында: майдандағы әскерлер қару-жарағымен қайтып жатыр. Жаяу әскер көзі көр, олар большевиктер жағында, атты қазақ халық жағында. Қаруымен қайтқан әскерлер елді талай бастайды. Атты қазақтар өзін-өзі қорғай алады, ал қаруы жоқ қазақ сорлайды. Жазда болған қазақ съезінде осы анархия болатын хөүфі сездіріліп, қазақ милициясын қебейту керек деген сөз қозғалып еді. Тез милиция құрып, елді большевик жолындағы адамдардың зорлығынан қорғау керек, қазақ, қырғыз бірігі керек. Екінші, Рүсия іштен іріп-шіріп, тігісінен сөгіліп, пара-пара болып кетуі ихти мал, ондай жағдайда не істеуіміз керек? Осыны қазақ, қырғыз болып ақылдасуымыз керек. Сондықтан қырғыз, қазақ бар жерлердегі әр уезден екі ақсақалдан, әр облыстық комитеттенн екі зияльдан шақырып отырмыз. Съезд 5 желтоқсанда Орынборда болмақшы. 5 желтоқсанда Орынборда атты қазақтардың да съезі болады. Қару-жаракты олар берер деген үміттеміз. Съезге шақырушылар: F. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, А. Бірімжанов, Сағындық Досжанов (учитель, Аққағаздың ағасы. — F.A.), Жанұзақ Жәнібеков, Файзолла Фалімжанов, Камалетдин Арынгазиев (Қазанда семинария бітірген), Габділхамид Жұндібаев (студент), Фазымбек Бірімжанов (был кісі кейін Алаш үкіметінің Башқұрт үкіметі жаңындағы Баймақта елшісі болған). Осы мазмұндағы телеграммаға қолқойғандар: қази Ғұмар Қарашұлы, қази Хайыршаш Ахметжанұлы, қази Ғобайдоллә Ишмұхамедұлы, Ахмед ишан Оразайұлы, Хожаахмед Оразайұлы, Қорғанбек Бірімжанұлы, Жалмұхаммед Жанқожаұлы, Шаһкәрім

Құдайбердіұлы, Жұсіпбек Басығараұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Халил, Жанша Досмұхаммедовтер (бұлар ағайынды кісілер емес), Үәлидхан Танашев, Бақтыгереj Құлманов, Жанқожа Мергенұлы, Ишанғали Арабайұлы (қырғыз), Ораз Тәтиұлы, Шонан ақсақал, Отарбай хәjі Қондыбайұлы, Ахмедкереj Қосуақов (Ақтөбе уезінен, болыс, орысша екі кластық училище бітірген), Нұрлан Қияшұлы, Нұрмұхаммед Сағынайұлы, Шәңгереj Бекейұлы, Есенғұл Маманұлы, тағы басқалары.

“Қазақ” газетінің сол жылғы 21 қарашадағы санында “Алаш” партиясы программасының жобасы жарияланған, онда: “Алаш” партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау... Дінге еркіншілік... Салық әркімнің әл-ауқатына, табысына қарай, байға — байша, кедейге — кедейше салынады” деген. Жобаны жасағандар: Бекейханов, Байтұрсынов, Дулатов, Елдес Омаров, Е. Тұрмұхаммедов, F. Жұндібаев, Фазымбек Бірімжанов.

Сол нөмірде Омбы губернаторының бұрынғы тілмашы Мұқан Әйтпенов пен Қабиков дегеннің Омбыда “Ұш жұз” атты социалистік партия аштық деген телеграф арқылы берген хабары басылған (партияның басшысы Көлбай Төгісов. Алдынала айта кетейік, 1918 жылы 26 көкекте Омбыдағы “Ұш жұз” партиясының атқару комитеті Ұлттар Халық комисариатына партия терағасы Көлбай Төгісовтың паралу, провокация жасау жөнінде айыпталып түрмеге қамалғаны туралы телеграмма берген).

Революциядан кейін қазақ зиялышылары көбінесе екі орталықта — Орынбор мен Ташкентте топталған еді. Орынборда “Қазақ” газеті болды, ал Ташкентте Көлбай Төгісов 1916 жылы “Алаш” деген газет шығарып, “Қазақ” газетімен алакөз араз болды. “Алаш” газетін екімет орындары 1917 жылы жауып тастағаннан кейін Көлбай өзінің әйелі, гимназия бітірген Мәриям Төгісова атынан “Ұш жұз” деген газет шығара бастады, бірақ оның да өмірі үзак болмады. Көлбай, “Қазақ” газетінің жазғанына қарағанда, Зайсанда ауыл шаруашылығы мектебінде оқыған, сонда сотқа тілмаш болып қызмет істеген, аздап заң жүйелерімен танысып алғаннан кейін “адвокат” болып жүрген, заңсыз адвокат болғанын білген заң орындары қудалаған соң, екі баласы мен әйелін тастан Ташкент жаққа барып, бойдақтын деп Намангандағы белгілі бір адамның әлгі айтқан Мәриям деген қызына үйленген. Бұлжол-жәнекей айтылған сөз, енді негізгі мәселе мізге көшейік.

Сол кездерде қазақ азаматтарының бір бөлегі Түркістан ав-

тономиясына, екінші бөлігі Сібір (Юго-восточный союз) автономиясына қосылуды жақтаған көрінеді. Сейтіп, көзі ашық деген азаматтарымыз да, ниеттері түзу болғанымен, дұрыс бағыт таба алмай жан-жақтарын қарманып, әркімнің аузына бір қарап жүргені байқалады. Әлихан кадет партиясының, оның Орталық комитетінің мүшесі болғаны белгілі (бір кезде Бақытжан Қараталев та осы партияды болған), бірақ одан өзі шығып қалған. Оның себебін өзі былай дейді: кадет партиясы жер әркімнің жеке меншігінде болсын дейді. Қазақтарға жерді бөліп берсен, олар ана башқұрттар сияқты, ішкі жақтан келген орыстарға сатып, жерлерінен айрылып қалады; екіншіден, кадеттер ұсақ ұлттарға автономия беруге қарсы, ал біз автономия алуды көздейміз. Осы екі себеппен ол партияны тастап шықтым, дейді.

Ұйымдастып көрмеген қазақ зиялыштары бостандық жарияланғаннан кейін алғашқы кездे әрқайсысы әр жақта үйым ашты, олардың көбі үйым деген аты болмаса, не істеу керектігін өздері де білмеді, жалпы жергілікті жерде мәдени-ағарту жұмыстарынан (сауық кештерін қою, жазба газет шығару, т. с. с.) әрі аспады. Мысалы, Омбыда “Бірлік”, Қызылжарда “Талап”, Ақтөбеде “Жас тілек”, Павлодарда “Ұйым”, Зайсанда “Қазақ жәрдемі”, т. б. үйымдар болды. Орынборда бір топ қазақ жастары 1917 жылдың жазында “Еркін дала” деген үйым ашып, “Қазақ” газетінің 17 шілдедегі санында халыққа мынадай үндеу жариялаты: “Бірінші тамызда оқытушылардың Орынборда жиыны болады. Учредительное собрание келіп қалды. Болатын өзгерістің жайын үйымдастып кеңесуіміз қажет. Оның үстіне, жаңа туған қауымның көптің талқысына салатын сөздері бар. Соның үшін күш біріктіріп қызмет етуге сендерді біз шақырып күтеміз. Біріксек – береке туар. Қауымды құрушылар: Әсфандияр Кенжин, Нәзір Төрекұлов, Тел Жаманмұрынов, Шаһмардан Қапсаламов, М. Сейдалин, Хайретдин Болғанбаев, А. Байгурин, Мырзағазы Есполов. “Еркін дала” қауымының адресі мынау: Орынбор, “Қазақ” редакциясы, Н. Төрекұловқа”.

\* \* \*

1917–1919 жылдар қалың ел үшін аласапыран жылдар болды ғой. Томаға-тұбық жатқан қазақ халқының көпшілігіне түсініксіз азамат соғысы басталды. Біресе қызылы, біресе ағы күш алды.

Бәріне де азық, мінеріне ат, жем-шөп керек, бәрі де соларды елден талап етеді. Елде маза жоқ. Сондай жағдайда кейбір халықтар тырбанып автономия жариялады. 1917 жылы желтоқсанда Башқұрт, Түркістан автономиялары құрылды, Сібір сепаратистері Оңтүстік союз автономиясын жариялад, оның басшысы белгілі Потанин қазақтарды соған қосылуға шақырып жатты. Солармен қатар қазақтар да автономия жариялау мақсатымен съезд шақырды. 1917 жылы желтоқсан айының 5–13 күндері Орынбор қаласында өткен бұл съезге облыстардан 89 үәкіл келген, шақырылған қонақтар бар және басқаларымен үш жүздей адам қатысқан. Алдымен съезд ел ішіндегі партиялық алалықты жою үшін (бұл мәселе сол кездерде кен орын алған, елді екі жақ қылып бүлдірген болыстыққа, сол кездегі “комитеттерге” сайлануға таласуышылар жайында. — F.A.) бірлікке шақырған үндеу таратылсын... Ашаршылыққа, шапқыншылыққа үшіраған елге көмекке (турікпен, Қытайға қашқан қазақтар) бүкіл облыстардан жан басы бір сомнан ақша жиналсын, бұл ақша байға – байша, кедейге – кедейше салынып, мұны жинау жергілікті управаларға тапсырылсын. Пішпек, Әулиеатадағы ашыққан қазақтарға астық тасу үшін Ақмола қазақтары түйелерінің майын берсін. Жызақ облысындағы тәртіпсіздікті (ондағы қазақтар өзара барымталасып жатса керек) тоқтатуды Түркістан автономиясының хұкумәтінен өтінілсін деп қаулы алады. Съезде қаралуға қойылған мәселелер: 1. Сібір, Түркістан автономиясы һәм Юго-Восточный союз; 2. Қазақ-қырғыз автономиясы; 3. Милиция; 4. Ұлт кеңесі; 5. Оқу мәселесі; 6. Ұлт қазынасы; 7. Мұфтилік мәселесі; 8. Народный суд; 9. Аульное управление; 10. Азық-түлік.

Автономия жөнінде: Қазан айында Уақытша хұкумәттің түскенін, Россия мемлекетінде халыққа сенімді һәм беделді хұкумәттің жоқтығын, халық арасы бұзылып, пышақтасып кеткенін, бассыздық қүшейіп, бүкіл мемлекет бүліншілікке үшірап, күннен-күнге халықтың құйі нашарлауын һәм сол бүліншілік біздің қырғыз-қазақтың басына да келуі ықтимал екенін ойлап, бүкіл қырғыз-қазақты билейтін хұкумәт керектігін ескеріп, съезд: “1. Бекей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд болыстарындағы һәм Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Каспий облысындағы, Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірынғай, іргелі халық

қазақ-қырғыз, қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына үлттық-жерлі автономия құрылсын. 2. Қазақ-қырғыз автономиясы “Алаш” деп аталын. 3. Алаш автономиясының жері, тұгі, сұыастындағы кені Алаш мұлкі болсын. 4. Алаш автономиясының низамын Бұқілрусиялық учредительное собрание бекітеді. 5. Ұсак үлттардың хұқықтары тенгеріледі, санына қарай мәхкамаларда орын алады, оларға үлттық мәдени автономия беріледі. 6. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша үлт кеңесі құрылсын, оның аты “Алашорда” болсын. Алаш ордастының ағзасы 25 адам болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды. 7. Алаш ордасы милиция құруға ижтиhatпен кірісуге міндettі. 8. Алашорда тез уақытта Алаш автономиясының учредительное собрание – Құрылтай мәжілісін шақырсын. 9. Съезд Алашордаға тапсырады: а) Үлт қазынасына қарыз ақша алуға; б) Өзге автономиялы көрші халықтармен одактасу жайын сөйлесуге, бірақ оның шарттарын Құрылтай бекітеді. 10. Үлт Құрылтайына Алашорда автономия низамының жобасын дайындал енгізеді” деген мәселелерді қарайды.

Сөйтіп, автономия екі бауырлас халықтан құрылатын болғандықтан “Алашорда” атанған көрінеді. Автономия жариялауда жүрт екі жақ болып, бір жағы дереу жариялауды, екінші жағы – милиция құрып, Түркістан қазактарын қосып алғаннан кейін жариялауды қолдайды. Бұлар біріне бірі көнбей, ақыры компромиске келіп бір айдың ішінде әлгі жұмыстарды бітіру, бітпесе де автономия жариялау Алашордаға тапсырылсын. Егер осы мерзімнің ішінде елдің басы біркесе, онда һәркім өз күнін өзі көреді, деп қаулы алады (“Қазақ” газеті. № 256. 23 желтоқсан).

Осы газеттің келесі, 257 санында (31 желтоқсан, 1917) “Алаш бірлігі” деген мақалада: “5–13 желтоқсанда съезге жиналғандар автономия туралы тоғыз толғанып, жүректері дірілдеп, буындары қалтырап, бір айдан кейін автономия жариялауға әрен қаулы алды... Бас-басына би болған, қарындастан басқа қасы жоқ болып, қайғысы қара басынан аспай қалып алған, ғәскер десе қатынбаласын тастан қашатын қаранғы халық өлде қайтеді деп толғанды, ақыры сан қайғыны салыстырып келгенде, Алаш ұлының басы құралмай, торғайдай тозып, әркімнің көшіне тіркеліп кеткеннен зор қайғы болмас, Алашқа қаны бірге Алаш ұлынан артық жаны ашыр бауыр табылmas, Алаштап ұран салып, Алаштың туын тіксек,

сүйегінде шақпақтың қуындай<sup>1</sup> жігер, намысы бар Алаштың ұлының шықкан шығын, тартқан бейнетке еті ауырмас деп Аллаға тәуекел қылды” деп жазылды. Не деген өткір, мағыналы, шешен сөз! Бұл енді нағыз Жақаңның стилі екені танылып тұр.

Осыған қарағанда, бастары бірікпеген, қазынасында көк тыны жоқ, әскер түгіл ең болмаса қылыш асынған милициясы жоқ тақыр отырған олардың автономия жариялау ниеттері дұрыс болғанымен де, ар жағында арқа тірер ешқандай күш жоқ еді. 1917 жылы көкек және шілде айларында өткен съездерде ешқандай партия да, үкімет те құрылмаған, соңғы съезде сайланған “Уақытша ұлт кеңесі” мүшелерінің кейбір белсене кіріскендері, бірі батыста, бірі шығыста (сол кездегі жағдайға және жер шалғайлығына байланысты), онда да бірден емес, арада жарты жылдай мерзім өткен сон, үкімет құрған. “Қазақ” газетінің 1918 жылғы 30 шілдеде шыққан 262-санында Заречная слободада Алашорда хұкумётінің іске кіріскені туралы телеграмма басылған. Ал 1918 жылы мамырда Оралда өткен қазак съезінде Жанша мен Халил Досмұхаммедовтер бастаған “Ойыл үәллятының” уақытша үкіметі (Батыс Алашорда) жарияланған, ол атты казактардан аулақ болу үшін сол жылы 26 шілдеде Жымпіты қаласына барып орналасқан.

Осы жердегелеткісінде өткен съезде “Уақытша ұлт кеңесіне” сайланған адамдарды таныстырып өткен жән болар.

Уақытша ұлт кеңесіне сайланғандар: 1. Юрист Үәлидхан Танашев; 2. Доктор Халил Досмұхаммедов; 3. Юрист Айдархан Тұрлыбаев; 4. Юрист Ахмед Бірімжанов; 5. Москва университетінің физика-математика факультетін бітірген Халил Фаббасов; 6. Юрист Садық Аманжолов; 7. Юрист Мұстафа Шоқаев; 8. Экономист Әлихан Бекейханов; 9. Юрист Жанша Досмұхаммедов; 10. Инженер Әлімхан Ермеков; 11. Инженер Мұхаммеджан Тынышбаев; 12. Мұстәшириқ (шығыстанушы) Бақтыгерей Құлманов; 13. Юрист Жақып Ақбаев; 14. Юрист Базарбай Мәметов; 15. Семинарист Отыншы Әлжанов; кандидаттар: 1. Доктор Файса Қашқынбаев; 2. Нұсқабек Якуббаев; 3. Юрист Ережеп Итбаев; 4. Агроном Сатылған Сабатаев; 5. Доктор Есенғали Қасаболатов; 6. Юрист Батырхайыр Ниязов; 7. Юрист Мұқыш Пош-

---

<sup>1</sup>Шақпақ тастан от тұтататын сілтіге қайнатылған мақта.

таев; 8. Юрист Сейілбек Жанайдаров; 9. Юрист Сәлімгерей Нұралыханов; 10. Семинарист Ғұмар Алмасов; 11. Юрист Сейтәзім Қадірбаев; 12. Семинарист Әсфандияр Кенжин; 13. Штабс-капитан Молданияз Бегімов; 14. Қызыметкер Есен Тұрмұхаммедов; 15. Малдәрігери Жәнек Сұлтанаев. Бәрі де білімді адамдар, бірақ осылардың көбі өмірлерін лагерлерде, түрмеде аяқтады.

“Қазақ” газетінің 1917 шілдеде шыққан 236 санында “Сана қайда?” деген мақала басылды. Еліміздің сол кездегі бейқамдығына ызаланып жазылған осы мақаламен оқушы қауымды таныстыра кеткенді мақұл көрдік.

“Бір кезде өткен күнің түс секілді, көрген күнің көр” секілді еді. Баяғыны сағынушы едің, хазіргіге қамығушы едің. “Әттен, тәнрімен” күнің өтті, тілің шықса — үнің шықпады, үнің шықса — тілің шықпады, дүнияны қара тұман басты. Сен бір еріксіз қүл едің, талансыз туған сорлы едің, көп зарықтың, көп сарғайдың...

Көзіңнің жасын Құдай інді. Көзіңнің жасын! Өйткені, жылаудан басқаны білмеуші едің. Қабұлы Алладан, қамы кімнен?— десе: бәндеден, дер едің. Қам қылып па едің?— десе: жок, дер едің. Жоқ екенін білеміз. Қамдануға уақытың болды ма? Қазақ деген халық едік, Еділ, Жайық, Есіл, Нұра, Ертіс, Орал, Алатау, Алтай мекенін еді. Осылардай ұжмахқа мензес жерлерің бар еді, хауыз көусар көлдерің бар еді, ту ұстап, тұлпар мінген ерлерің бар еді, дүшман құндерлік күйлерің бар еді; ердің құнын екі ауыз сөзben бітірген билерің бар еді, ел бастайтын көсемің бар еді, сөз бастайтын шешенің бар еді, ак киізге көтерген хандарың бар еді, бақ-береке үйымиң бар еді, кедейің жок, бай едің, төрт түлікке сай едің, сол құндерде арманың бар ма еді? Жоқ секілді еді. Со-нан да, қазақ, айрылып едің! Одан қымбат нең бар еді?

Мойыныңа бұғалық түсті — бұлқынбадың. Құрық көтеріп еді — қолға тұра қалдың. Арғымақ едің — жабы болдың, жүгенсіз мінді, қақпалап жүрді, ерқашты қылды — көне бердің. Баяғы дәурен көзіңнен бір-бір ұшты, қамықтың, жабықтың...

Көзіңнің жасын Құдай інді! Қам қылған жоқсың, қам қылуға уақытың болған жок, уақытың талас-тартысқа кетті — өз-өзіңнің таласыңа кетті. Елдің көркі ер еді. Біздің қазақтың басшылары тана, моншаққа қызығып, жер жүзінде ешбір халық дәреже көрмеген болыстықты зорabyрой, бақыт көріп адасты, таласы қанына сіңді, атадан балаға мирас болып қалды. Ер адасса, ел адасуышы еді, ерлеріміз адасып еді, еліміз де адасты, соладасудан әлі беті

онға бұрылған жок, көздің жасын Құдай ііген уақытта да жәнге түскен жок.

Болыстық қалып еді, жақсыларымыз болыстықтың тонын комитетке кигізді. Комитетке председатель, ағза (мүше. — F.A.) болу — бұрынғыдай болыс, би болып “ел билеу”, момынға тізе көрсету екен дег адасты. Комитет ашу — бостандықты қүшету жолында халыққа қызмет ету екенін ойламады. Оиласа да дерт кернеп шыдатпай, ауру қалса да әдет қалмады. Бостандық туғалы төрт айданасты, қазақ арасында комитеттен де өзге зор істер бар екенін хабары жок.

Енді біз қашан жұрт боламыз? Адасуды әлі де қоймасақ, істің түбі неге соғар? Алаштың азаматы, осыны ойлалық!

Қазактың қазақ заманы бастан кешкеннен кейін біздің атқа мінген жақсыларымыз Алаштың ары үшін, нәсіл-несептің қамы үшін өзара алалығын тастап, дұшманға қарсы жол қарап, әдіс іздеғен болса, бұл күнде көніліміз тетігірек, көзіміз ашығырақ болар еді.

Бостандық туды, бұл бостандық бізге көктен түсті. Енді өзіміздің үйімсyzдығымыздан тегін бостандық жемісінен пайдалана алмасақ, “аспаннан шұға жауғанда ұлтарақ тимеген құл” болмаймыз ба? Күні ертең земство ашылғалы түр. 17 қыркүйекте учредительное собрание сайлауы. Ауылдық комитеттерге таласып, төрт айда жұмыстың төрттен бірін бітіре алмағанда, бір күннің ішінде бітуге тиіс Учредительное собрание сайлауы қалай болар? Басымыздан қешіріп отырган заманымыздың қалпы бұл. Мынау әлі бұғанасы бекімеген, буыны қатпаған бостандық! Мұның бәрін ойлаған адам ішкен асын жерге қояды, шырт үйқыдан шошып оянады. Жалғыз қазақ... Қайғысыз біздің қазақ.

Бұл бостандықты әперген ерлерге ат салмасақ, бізді олар кім дер? Бұл бостандықтан айрылсақ, көрген күніміз не болар? Санақайда?

Ардақты ақсақалдар! Атқа мінген ағалар! Ел билеген жақсылар! Талас-тартысты қойындар, мынау болғалы тұрған зор істерге қамданындар! Үңсапқа қайтындар! Құдайдан қорқындар! Жұртты ойландар! Нәсіл-нәсептің көз жасына қалып жүрмендер!”

Қандай жаны ашыған, жүректен шыққан сөз! Әттең, осы күнгі жастарымыз сол кездердегі газет, журналдарда бұрынғы араб әрпімен басылған құнды мақалаларды оқи алмайды, бұл да біздің сорымыз.

Бұрыннан келе жатқан үкімет жұрнағы, қалыптасқан саяси партиясы жоқ, басы бірікпеген, араларында рушылдық талас қалып алып қалған көшпелі елдің ат тәбеліндегі ғана зиялышарына аласапыран кезде бас-аяғы жинақы партия, үкімет құра қою қайдан оңайға түссін, олар түгіл, сол кезде Петроградта тіс қаққан саясатшылары бар орыс халқының өзі де мықты үкімет құра алмай, бірінен соң бірі құлап жатты.

Ал енді, Ахаңның сөзімен айтқанда “киіздей шала басып карпылмаған” Алаштың өзі сол қым-қиғаш заманда құрылмай жатып быт-шыт болып, Шығыс Алашорда, Батыс Алашорда болып, бір бөлегі Торғайда қалып, ыдырап аяғынан тозды. Шығыс пен Батыс Алашорда арасында байланыс болмады, ейткені, жер шалғай, қолдарында байланыс құралдары жоқ еді. Олар елді сол кездегі аласапыраннан қорғаймыз деп милиция үйімдастырыды, сонда шығыста үш мың, батыста екі мың, Торғайда жетпіс адам болған. Бұрын әскер тәртібін көрмеген, қолдарына қамшыдан басқа құрал үстамаған, басым көпшілігі сауатсыз қазақ жігіттерінен қапелімде қайдан саналы, салы жауынгер шыға қойсын. Батыстағы жігіттер бір қарындары ашқан күні тарап қашып та кетіпти. Оның бержағында, актарға сенім артып жүрген Алашқа сол актардың өзі де кісі есебіне алмай, дүшпандықпен қараган көрінеді. Колчактың “Алашты жою керек” дегені көпшілікке мәлім. Әлихан Бекейханов пен Әлімхан Ермеков “Омбының билеушісіне” (правитель Омский) сөйлесу үшін барғанда Колчак бұларды қабылдамаған, тек бір полковнігі ғана сөйлескен. Сол жолығудың стенограммасын оқыған басқа бір полковник Әлімханның: біз өз атымыздан емес, алты миллион қазақ халқының атынан сөйлейміз деген жерінің түсінда: “Громко сказано!” деп сыйқатап жазып қойыпты (“Алашорда в документах”). Торғай облысының басқарушысы 1919 жылы 17 мамырда Ішкі істер міністіріне жазған хатында былай дейді: “Ішкі істер міністрі мырзаға... Алашорда үкіметінің іс-әрекеті, әсіресе тұтқындарды Қостанайға жібермей, Атбасарға жібергендері (Таранның отрядын айтады. — F. A.) маған күдікті көрінеді, ейткені, Алашорданың облыстық және уездік үекілдері өткен жылдың аяғында да, биылғы жылдың басында да өзімшілдік жасап, уезде (Қостанайда. — F. A.) билікті қолдарына алуға талаптанған еді... Осыларды ескере оты-

рып, Алашорданың облыстық және уездік мекемелерінің хұқықтары мен міндеттерін және солардың әрекеттерін бақылау тәртібін тез арада белгілеп берулерінізді өтінемін. Торғай облысының басқарушысы қызметін атқарушы” (қолы анық емес).

1918 жылы Жаңасемейде қару-жарақсыз қазақ жігіттерін Қази Нұрмұхаммедов деген, бұрын мұғалім болған жас офицер әскери жүріс-тұрысқа үйретіп жатқанында актардың он шақты атты солдаттары мен офицері келіп қарап тұрады да, біреуі қазақ жігіттерінің басынан асыра мылтық атады. Жігіттер тым-тырақай қаша жөнеледі. Қазақ офицері актарға келіп: “Бұларың не?” дегендеге, олар Қазиды да атып тастады. Қазидың қабірінің басында Шәкәрім ақсақалдың жүрек сезімінен шыққан сөзі мен Мыржақып ағаның өлеңі жүрттың есінде бар шығар.

“Алашты” жамандаған кісілдердің “олар актармен одақтас болды” дегендегі “одақтастарының” түрі әлгідей. Шындығында “Алаш” пен актардың арасы жақсы болмаған, тек амалсызданғана “сен жақсы, мен жақсымен” жүрген. “Алаштың” көзденген мақсаты ағынан да, қызылынан да аулак, өз алдына бөлініп шығуғой. “Қазақ” газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы 251-санында Сібір автономиясына қосылу жайын айта келе: “Біз ойладық, әуелі Сібірге қойынсаң, тасымалдал жалғасып зор мемлекет күрмеуінен құтылып алып, отау болып, соңынан бөлінелік” деп жазған. Міне, олардың түпкі ойлары осы болатын.

1918 жылы наурыздың аяқ кезінде Жанша мен Халил Москваға барып, қазақ халқына өз алдына автономия беру жөнінде Ленин мен Сталинге сейлесті, келесі (2 көкек) күні Ленин мен Сталин Семейдегі Әлихан, Халил (Фаббасов) және Әлімханмен осы мәселе жөнінде тете сым (прямой провод) арқылы сейлесті. Бірақ бұлардың екі тобының да анық қалай сейлескені белгісіз (ол жайлыш Москвадағы бұрынғы партия архивінде деректер болуға туіс). Шығыс Алашорданы Колчак 1918 жылы қазан айында, өзіне қарған жердегі басқа автономиялармен қоса, жойды. А. Байтұрсынов 1919 жылы 24 шілдеде Кирревкомның мүшесі болып Лениннің қолынан мандат алды. Батыс Алашорданың басшысы Жанша 1919 жылы 21 желтоқсанда Орынбордағы Кирревкомға құпия хат жазып, онда атты казактардың қыспағына қарамастан Алаш солдаттарының қызылдарға қарсы соғыспағанын, қазіргі кезде актардың Алашқа анығынан сенбей қарап, қысымын күшейтіп отырғанын, сондықтан Түркстан майданының Оралдағы әскери-

революциялық кеңесінің мүшесі Лежава-Мюратпен хабарласып, ақтарға қарсы бірігіп әрекет жасап, қазақ даласын ақтардан тезірек тазартуды өтінгенін хабарлайды, өзара келісіп сөйлесу үшін ревкомның бір адамын жіберулерін өтінеді. Өз тарапынан Орынборға Сисенғали Шектібаевты (бұрын учитель болған) жібереді. Кирревкомнан бұларға Нысанғали Бегімбетов келеді ("Алашорда в документах" деген кітапта екі арада Кенжеғали Габдуллин жүрді деген, архивте оның аты жок, бірақ бұрын мұғалім болған, өлең кітаптары шыққан Кенжеғали 1937 жылы осы отқа күйді).

Батыс Алашорда Қызыл Армияның Ойыл қаласына келген татар атқыштар полкының командирі Мәулюдов пен комиссары Қасымовқа астыртын адам (Сағыз уездік сотының төрағасы Шәріп Сейтеков пен Ойыл сотының мүшесі Жұбекен Тілеубергенов, екеуі де учитель болған адамдар) жіберіп сөйлесіп, Қызылқоғадағы ақтардың генерал Акутин бастаған бригадасын штабымен қызылдарға ұстап берген. Бұл жөнінде татар полкының командирі 3-нші Түркістан атты дивизиясының бастығына жазған доклад-нойында "Қызылқоғадағы Алашорда отряды біздің нұсқауымыз бойынша 1919 жылы 27 желтоқсанда таң алдында білдірмей ша-буыл жасап, Илек корпусының барлық штабын, бастығы корпус командирі генерал Акутинді, оның көмекшісі полковник Марковты, штаб бастығы Шадринді, полковник Ершовты қарузыздандырып ұстап алды. Біздің отряд Қызылқоғаға 28 желтоқсанда кірді" деп хабарлайды. Батыс Алашорданың қызылдарға берілгені жөнінде майдан қолбасшысы М. Фрунзе 1919 жылы 21 желтоқсанда Ленинге берген телеграммасында: "...Военное значение Алашорды ничтожно, политическом и экономическом их сдача важна, закрепляя за нами весь степной район до берегов Каспия" дейді.

\* \* \*

Сонда "Алашорда" іс жүзінде 1918 жылдың ортасынан 1919 жылдың аяғына дейін, бас-аяғы жыл жарымдай ғана өмір сүрген. Жоғарыда көрсетілгендей, саны аз, соғысуға тиісті дайындығы, тәжірибесі, жәнді қаруы да жок, біреуі мағрибте, біреуі машрикта жүрген шағын құшпен (ол әскер де емес, милиция – шілде айында өткен съездің қаулысында: дайымы әскер орнына халық

рып, Алашорданың облыстық және уездік мекемелерінің хұқықтары мен міндеттерін және солардың әрекеттерін бақылау тәртібін тез арада белгілеп берулерінізді өтінемін. Торғай облысының басқарушысы қызметін атқаруышы" (қолы анық емес).

1918 жылды Жаңасемейде қару-жараксыз қазақ жігіттерін Қази Нұрмұхаммедов деген, бұрын мұғалім болған жас офицер әскери жүріс-тұрысқа үйретіп жатқанында актардың он шақты атты солдаттары мен офицері келіп қарап тұрады да, біреуі қазақ жігіттерінің басынан асыра мылтық атады. Жігіттер тым-тырақай қаша жөнеледі. Қазақ офицері актарға келіп: "Бұларың не?" дегенде, олар Қазиды да атып таstadtы. Қазидың қабірінің басында Шәкәрім ақсақалдың журек сезімінен шыққан сезі мен Мыржақып ағаның өлеңі жүрттың есінде бар шығар.

"Алашты" жамандаған кісілердің "олар актармен одақтас болды" дегендегі "одақтастарының" түрі әлгідей. Шындығында "Алаш" пен актардың арасы жақсы болмаған, тек амалсызданғана "сен жақсы, мен жақсымен" жүрген. "Алаштың" көздеңен мақсаты ағынан да, қызылынан да аулак, өз алдына бөлініп шығуғой. "Қазақ" газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы 251-санында Сібір автономиясына қосылу жайын айта келе: "Біз ойладық, әуелі Сібірге қызыл айда, қызыл мемлекет күрмеуінен күтылып алып, отау болып, соңынан бөлінелік" деп жазған. Міне, олардың түпкі ойлары осы болатын.

1918 жылды наурыздың аяқ кезінде Жанша мен Халил Москваға барып, қазақ халқына өз алдына автономия беру жөнінде Ленин мен Сталинге сейлесті, келесі (2 көкек) күні Ленин мен Сталин Семейдегі Әлихан, Халил (Фаббасов) және Әлімханмен осы мәселе жөнінде төте сым (прямой провод) арқылы сейлесті. Бірақ бұлардың екі тобының да анық қалай сейлескені белгісіз (олжайлы Москвадағы бұрынғы партия архивінде деректер болуға тиіс). Шығыс Алашорданы Колчак 1918 жылды қазан айында, өзіне қарған жердегі басқа автономиялармен қоса, жойды. А. Байтұрсынов 1919 жылды 24 шілдеде Кирревкомның мүшесі болып Лениннің қолынан мандат алды. Батыс Алашорданың басшысы Жанша 1919 жылды 21 желтоқсанда Орынбордағы Кирревкомға құпия хат жазып, онда атты казактардың қыспағына қарамастан Алаш солдаттарының қызылдарға қарсы соғыспағанын, қазіргі кезде актардың Алашқа анығынан сенбей қарап, қысымын күшейтіп отырғанын, сондықтан Түркстан майданының Оралдағы әскери-